

Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысатын ұйымдардың есептеріне бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды және Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысатын заңды тұлға/жеке кәсіпкер қызметінің мүмкіндіктері мен нәтижелерін сипаттайтын өлшемшарттарды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 1167 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысатын ұйымдардың есептеріне бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысатын заңды тұлға/жеке кәсіпкер қызметінің мүмкіндіктері мен нәтижелерін сипаттайтын өлшемшарттар осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Басқарма Төрағасының 2015 жылғы 14 мамырдағы №81 және 2015 жылғы 29 мамырдағы №93 бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Жұртшылықпен байланыс департаменті осы бұйрықтың www.altynsapa.kz және www.atameken.kz сайттарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма Төрағасының орынбасары Е.М. Рамазановқа жүктелсін.

Басқарма Төрағасы

А. Мырзахметов

012371